


8 желтоқсан
2015 жыл.

МАТЕМАТИКАҒА АРНАЛҒАН ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің инновацияларының бірі – "Өнегелі өмір" атты жастарға өнеге болатын кітаптар топтамасы университет ректоры Ғ.Мұтановтың қолдауымен баспадан шыға бастады. Бұл кітаптар топтамасы ғылыми зерттеу бағыттарында биік шыңдарға жеткен ғалымдарға арна-




лады. Арнаулы шығарылым Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа арналды. Онда Президентіміздің өмірі мен жетістіктері толық баяндалып берілгенін оқыдық.

Келесі шығарылымы Қазақстан, Ресей және т.б. мемлекеттердің математиктеріне арналып, "Өнегелі өмір" сериясы ҚР ҰҒА академигі Н.Қ.Бліевтің математика саласындағы ғұмыры мен шығармашылығына арналғаны қуанышты хабар болса, бір жағынан осындай ұлы ғалым адаммен бірге жұмыс істеп, өнегелі өмірінен сабақ алып, математика ғылымын бірге зерттеп, үйренгеніміз біз үшін үлкен абырой, мақтаныш. Басылымда эллиптикалық типтегі дифференциалдық теңдеулер, функциялар теориясы және функционалдық анализ сияқты ғалымның ғылыми қызығушылықтары орыс және ағылшын тілдерінде бейнеленген. "Дифференциальное уравнение", "Доклады", "Известия" сияқты рецензияланатын журналдарда жарық көрген бір жүйенің аналитикалық шешімінің бар болуының қажетті және жеткілікті шарты, бір интегралдық оператордың функционалдық қасиеттері туралы, бірінші ретті дифференциалдық теңдеулердің эллиптикалық жүйесінің бір класы туралы, дербес туындылы теңдеулер, И.Н. Векуа мағынасында жалпыланған аналитикалық функциялар және бөлшек кеңістіктеріндегі шектік есептер, Никольский-Бесов кеңістіктеріндегі функцияның көбейтінділері ретінде негізгі нәтижелері келтірілген. "Complex Variables and Elliptic Equations", "Siberian Mathematical Journal" сияқты халықаралық рецензияланатын журналдарда басылымға шыққан негізгі нәтижелері келтірілген.

Нәтижелерін математика ғылымының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, өмірге пайдаланып жатыр. Ғалым шығармашылық шыңына шыққан, ешқандай қиындыққа қарамай, қажымай-талмай мұрат-мақсатына жеткен математик. Биыл 80 жылдық мерейтойын тойлап отыр. Танымал тұлғаның өнегелі өмірі, математика ғылымына қосқан үлесі, алынған нәтижелері қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылды.

Жанат ЖҮНІСОВА,
шәкірті, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Мың жасаған шаһардың шамшырағы



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АЛМАТЫ АҚШАМЫ

Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады

№151 (5185),
8 желтоқсан, сейсенбі, 2015 жыл.

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru



ISSN 2223-2370



9 772223 237006



**ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ –
8 КҮН ҚАЛДЫ**

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

*Тамағын сырттан
тасыған ел тәуелсіз
ел емес.*

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**АЛМАТЫЛЫҚТАР
МҮЛІКТІ
ЗАҢДАСТЫРУҒА
150 МЛН. ТЕҢГЕ
ЖҮМСАДЫ**

2

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҮРТШЫЛЫҚ



Айқындаушы

Бауыржан БАЙБЕК:

ӘЛЕМДЕГІ ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ ҚАТАРЫНА КІРУ ҮШІН БІЗДІҢ РУХЫМЫЗ МЫҚТЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Республика сарайында еліміздегі айтыс ақындарының дәстүрлі «Алтын домбыра» жыр сайысы «Тәуелсіздікке тағзым!» тақырыбында Алматыда алғаш рет дүркіреп өтті

